

«Балғын шақ» байқауының ЕРЕЖЕСІ

Біржан сал ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленетін өзге ұлт өкілдері балалары арасында **«Балғын шақ»** балалар байқауын өткізеді.

Байқаудың тақырыбы: «Мемлекеттік тілдің болашағы-біздің қолымызда».

Байқаудың мақсаты: Ел болашағы бүлдіршіндерге мектепке дейінгі тәрбие-білім берумен қатар мемлекеттік тілді үйрету, қолданысын дамыту.

Байқаудың міндеттері: Мемлекеттік тілдің мерейін үстем ету, қолдану аясын кеңейтіп, үздіксіз дамыту мен қолдану. Жас бүлдіршіндерге тіл құдіретін, қасиетін түсіндіру. Мемлекеттік тілді өрге бастыру, нағыз ұлттық тіл дәрежесіне көтеру.

Байқау шарттары: Байқауға барлық мектепке дейінгі мекемелер мен мектеп жанындағы шағын орталықтардың 5-6 жас аралығындағы балалары қатыса алады.

Байқау үш номинация бойынша өтеді:

1. «Мен - бақытты баламын».

Бүлдіршіндердің өзін-өзі таныстыру рәсімі, берілетін уақыты- 3 минут.

2. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ақынның шығармаларынан шағын мәнерлеп жатқа үзінді оқу.

3. Шығармашылық кезең **«Мен дарынды баламын»** өз өнерін көрсетуі (ән салу, би билеу, т.б. шығармашылық).

Байқау жеңімпаздары дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

Байланыс телефон: 8(71639) 2-11-74.

Қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Балабақша атауы, байланыс телефоны	Дайындаған тәрбиешінің аты-жөні, байланыс телефоны	2 номинация бойынша таңдаған тақырыбы	2 номинация бойынша таңдаған тақырыбының мәтінін жазып жіберуі керек